**Білім беру бағдарламасының паспорты**

| | |
|---|---|
| **Білім беру саласының коды мен жіктелуі** | 6 В01 Педагогикалық ғылымдар |
| **Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі** | 6В013 Жалпы дамудың пәндік мамандандыруымен мұғалімдерді дайындау |
| **Білім беру бағдарламасының коды мен атауы** | 6В01402 Кәсіптік оқыту, көркем еңбек және графика |
| **Білім беру бағдарламаларының топтары** | В007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау |
| **Білім беру бағдарламасының бірегейлігі** | Білім беру бағдарламасының өзектілігі түлекке педагогика ғылымдары мен өнер саласында қажетті негізгі құзыреттер мен оқыту нәтижелерін қалыптастырудың жаңа тәсілін іске асыру болып табылады.<br>6b01402 – "Кәсіптік оқыту, Көркем еңбек және графика" білім беру бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептер мен колледждерді оқыту бағдарламасының мазмұнын жаңартуды ескере отырып әзірленді.<br>Бұл білім беру бағдарламасының артықшылықтары жұмысқа орналасуға арналған орындардың кең таңдауы, жоғары ақы төленетін, тұрақты жұмыс, мансаптық өсу үшін жақсы мүмкіндіктер, сондай-ақ білім беру қызметтері, шығармашылық бағыт және дизайн саласында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. |
| **Білім беру бағдараламасы аясында дайындау бейінінің картасы** | |
| **БББ мақсаты** | білім беруді жаңғырту аясында ғылыми-педагогикалық, оқу-өндірістік, технологиялық міндеттерді шығармашылықпен шеше алатын көркем еңбек және графика бойынша құзыретті педагог кадрларды даярлау |
| **БББ міндеттері** | 1. мектепте тәрбие мен оқыту жүйесінде сұранысқа ие мамандарды дамыту мен қалыптастыру бойынша әлеуметтік тапсырысты орындау<br>2. білім алушылардың кәсіби жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына уәждемесін қалыптастыру негізінде ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру сапасының деңгейін арттыру;<br>3. табысты кәсіби қызмет үшін негізгі, пәндік және кәсіби құзіреттілікті меңгерту;<br>4. студенттердің кәсіптік білім салаларындағы ғылыми-эксперименталдық қызметін ұйымдастыру және жүргізу дайындығын қалыптастыру |
| **БББ оқыту нәтижелері /** | 1. Экология және тіршілік қауіпсіздігі, экономика және кәсіпкерлік, құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері саласындағы жан-жақты дамыған тұлға ретінде білімдерін көрсету.<br>2. Оқушыларды белсенді азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікке, сондай-ақ қоғамдағы өзара іс-қимылға бейімдей отырып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін қалыптастыру.<br>3. Көркемдік-білім беру қызметінде қолдану мақсатында композициялық және өзге де материалдардың қасиеттерін анықтау<br>4. Кәсіби қызмет бейіні бойынша заманауи жоғары өнімді машиналар мен жабдықтарды қолдану, әртүрлі материалдарды өңдеу технологияларын дағдыларын көрсету |

| | |
|---|---|
| | 5. Кәсіптік және жалпы білім беру ұйымдарының оқу үрдісінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану<br>6. Сәндік-қолданбалы шығармашылықта компьютерлік дизайн мен инженерлік графиканың технологиялары мен әдістерін қолдану<br>7. Оқу үрдісінің сапасын арттыру үшін сыни ойлауды, критериалды бағалауды және білім берудегі заманауи трендтерді қолдана отырып, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану<br>8. процестерді талдауды, эксперименттік деректерді бағалау мен түсіндіруді пайдалана отырып, білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру<br>9. Психологиялық-педагогикалық ғылым мен инклюзивті білім беру талаптарына, сондай-ақ қауіпсіз пәндік-кеңістіктік және денсаулық сақтау ортасының талаптарына сәйкес оқушылардың көркемдік және техникалық шығармашылық процесін, жобалық қызметін басқару.<br>10. Кәсіби қызметте бұйымдарды жобалау және өндіру үшін электротехниканың, жаратылыстану және математика ғылымдарының негізгі процестерін, формулалары мен модельдерін талдау<br>11.Инклюзивті білім беруді ескере отырып, аралас және қашықтықтан оқыту жағдайында ұйымдастырушылық-басқарушылық және кәсіби қызмет үшін педагогикалық, сандық және IT-технологияларды қолдануға негізделген білім беру үрдісін талдау<br>12.Материалдарды көркемдік өңдеу мен түрлендірудің технологиялық процестерін және оларды пайдаланудың заманауи талаптарын білу негізінде сәндік және қолданбалы өнер, еңбек өнімдерін жасау. |
| **Түлектің біліктілік сипаттамасы** | |
| **Берілетін дәреже:** | 6В01402 Кәсіптік оқыту, көркем еңбек және графика білім бағдарламасы бойынша білім бакалавры |
| **Лауазымдарының тізімі** | - орта және кәсіптік-техникалық ұйымдар;<br>- білім берумен байланысты органдар (Білім Министрлігі, білім беру орталықтары, консалтингтік және басқару бөлімдері). |
| **Кәсіби қызмет объектісі** | -оқу-тәрбие қызметін ұйымдастырумен, өткізумен, мониторингімен және бақылаумен байланысты мемлекеттік басқару органдары:<br>- орта білім беру ұйымдары;<br>- кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары;<br>- білім бөлімдері мен басқармалары;<br>- білім беру мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымдары;<br>- жарнамалық агенттіктер, көркем шеберханалар;<br>- көркем мұражайлар, театрлар . |